

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМА

Мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының логопедтері мен тәрбиешілеріне арналған «Тіл бұзылыстары бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

АЛМАТЫ 2020

1. Жалпы ережелер

1. «Тіл бұзылыстары бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының логопедтері мен тәрбиешілерінің оқуын реттейді.

2. Бағдарлама баланың сөйлеу тілін қалыптастыру, сөйлеу тілі онтогенезінің заңдылықтарын ескере отырып, әртүрлі тіл бұзылыстары бар балалардың тілдік бұзылыстарына сауатты диагностика жасаудың және олармен логопедиялық-түзеу жұмыстарын жоспарлау мәселелері бойынша логопедтер мен тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін арттыруға бағытталған.

3. Курстық оқудың ұзақтығы 9 күнді құрайды, оның әрқайсысына күніне 2 сағаттан 4 сабақ кіреді (8 академиялық сағат). Сабақтардың мазмұны осы Бағдарламаның 1 және 2 қосымшаларына сәйкес оқу жоспарында келтіріледі.

2. Глоссарий

4. Курстың глоссарийі келесі негізгі ұғымдардан тұрады:

1) балалар сөйлеу тілінің лингвистикасы (онтолингвистика) - жас ғылыми пәндер санатына жатады. Заманауи антропоцентрлік ғылымдар қатарына кіреді. Онтолингвистиканың нысаны - баланың сөйлеу әрекеті, ал пәні - балалардың ана тілін меңгеру процесі;

2) әдістемелік қамтамасыз ету - тиімді оқытуға қажетті барлық құралдар кешені;

3) мониторинг - қадағалау, бақылау және ескерту сияқты функцияларды жүзеге асыруға бағытталған, іс-әрекеттің орындалуын білдіретін латындық monitor сөзінің туындысы. Педагогикалық мониторинг - бұл педагогикалық жүйенің қызметі туралы мәліметтерді ұйымдастыру, жинау, өңдеу, сақтау және тарату нысаны. Бұл нысан педагогикалық жүйенің жағдайын бақылауды қамтамасыз етеді және оның дамуын болжауға мүмкіндік береді.

4) білім беру саласы - мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, зияттық, адамгершіліктік, эстетикалық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін білімдер, практикалық дағдылар мен қабілеттер жиынтығын қамтитын білім беру стандартының бөлігі;

5) тілі онтогенезі - (сөйлеу тілін дамыту) - ауызша және жазбаша сөйлеуін (тілін) меңгеруге байланысты процестердің, кезеңдердің және әдістердің кеңінен қолдануының кешенді белгісі (баланың да, кең мағынада - адамның өмір сүру кезінде де), өз кезегінде оның қарым-қатынастық, сөздік ойлау және әдеби шығармашылық қабілеттерінің дамуын сипаттайды;

6) онтолингвистика – сөйлеу тілі онтогенезін және балалар сөйлеу тілін (баланың сөйлеу қабілетінің қалыптасуын, жеке тілдің пайда болуы мен одан әрі дамуын және жеке адамның тіліндегі жасқа байланысты өзгерістерін)

зерделейтін лингвистика саласы. Көбінесе психолінгвистиканың негізгі бөлімдерінің бірі ретінде түсіндіріледі;

7) педагогикалық технология - жүйелік категория, оның құрамдас бөліктері: оқу мақсаттары; оқу мазмұны; педагогикалық өзара әрекет құралдары, оқыту және ынталандыру құралдары; оқу процесін ұйымдастыру; білім алушы және білім беруші оқу процесінің субъектілері ретінде; іс-әрекет нәтижесі;

8) сөйлеу белсенділігі - тақырыптық уәжбен, мақсатты бағытпен сипатталатын, бірнеше кезеңдерден тұратын әрекет түрі - бағдарлау, жоспарлау, тілдік жоспарын жүзеге асыру, бақылау (Л.С. Выготский);

9) сөйлеу тілі картасы - логопедтің диагностикасы мен түзетуін алып жүрген баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің жағдайын сипаттайтын ресми құжат.

10) ана тілі – тиісті тілдік ортада («бірінші тіл»), арнайы үйретусіз айналасындағы ересектерге еліктей отырып, баланың ерте балалық шағында бойына сіңірген отандық тілі;

11) тілдік жүйе (тілдің жүйесі) - белгілі бір бірлік пен тұтастықты қалыптастыратын, бір-бірімен қандай да болмасын қатынастармен байланыстырылған, тілдік элементтер жиынтығы. Тілдік жүйенің әр құрама бөлігі басқа элементтермен қарсы тұру жағдайында болып, мағынаға ие болады.

3. Бағдарламаның тақырыбы

5. Бағдарлама келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде тілді дамыту саласы бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары;

2) Баланың сөйлеу тілі дамуының алғы шарттары. Тілдік және психикалық нормалары мен патологиясының түсінігі;

3) Тіл онтогенезінің кезеңдері. Балалар тілін дамыту кезеңділігі. Баланың вербалды және ерте вербалды дамуы;

4) Онтогенездегі тілдің дыбыстық жағын игеру. Фонематикалық есту мен лексиканы ерте жастан дамыту;

5) Тілдің грамматикалық заңдылықтарын меңгеру. Байланыстырып сөйлеу тілі;

6) Мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдары жағдайында логопедтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;

7) Тіл бұзылыстарын жою бойынша түзету жұмыстарының тиімді әдістері;

8) Логопедтік тәжірибеде ойын технологиясын қолданудың заманауи тәсілдері;

9) Жеке сабақтарда ойын технологиялары арқылы балалардың сөйлеу тілін түзету;

10) Логопедпен бірлескен іс-әрекетке баланың мотивациялық дайындығын арттыру. Мектепке дейінгі жастағы балада түзету процесінің

толыққанды қатысушысы ретіндегі белсенді ұстанымын қалыптастыру;

11) Әр баланың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, түзету процесін жекелендіру;

12) Ойын әдістерін қолдана отырып, топтық (жеке) түзету сабағының технологиялық картасын дайындауға қойылатын талаптар;

13) Артикуляциялық, саусақтық және тыныс алу гимнастикасын, және де логопедиялық ырғақтық жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу;

14) Логопедтің және денсаулық сақтау технологияларын енгізу мамандарының тіл бұзылыстары бар балалармен жұмыстарындағы өзара іс-әрекеттерінің ерекшеліктері;

15) Жазғы кезеңде логопедтік-түзету іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастыру;

16) Логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданудың заманауи тәсілдері;

17) Мектепке дейінгі жастағы балалармен логопедтік жұмыста тіл бұзылыстарын түзету барысында АКТ қолдану.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Бағдарламаның мақсаты - мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдары логопедтерінің, тәрбиешілерінің қалыпты жағдайдағы баланың сөйлеу тілін қалыптастыру бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, бұл тілдік онтогенез заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау және логопедтік-түзету жұмысын жоспарлау үшін маңызды.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) «онтолингвистика» ұғымы мен психолінгвистика саласындағы заманауи зерттеулер туралы тыңдаушылардың түсініктерін кеңейту;

3) тіл бұзылыстарын жою бойынша түзету жұмыстарының логопедтік практикадағы тиімді әдістерімен таныстыру;

6) ойын әдістерін қолдана отырып, топтық (жекелік) түзету сабағының технологиялық картасын дайындауға қойылатын талаптармен таныстыру;

7) логопедтің және денсаулық сақтау технологияларын енгізу мамандарының тіл бұзылыстары бар балалармен жұмыстарындағы өзара іс-әрекеттерінің ерекшеліктерімен таныстыру;

8) мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл бұзылыстарын түзету бойынша логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданудың заманауи мүмкіндіктерін көрсету.

8. Курс соңында тыңдаушылар:

1) қазіргі логопед пен тәрбиешінің рөлі мен миссиясының мәні, мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері, жекелік және кәсіби өзін-өзі жетілдірудің маңыздылығы мен кәсіби дамуды қолдау қажеттілігі жөнінде түсінік алады;

2) ойын технологияларын қолдану бойынша жұмысты жоспарлап,

мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оқытудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып, топтық (жеке) түзету сабақтарының технологиялық карталарын дайындай алады;

3) мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдар жағдайында тіл бұзылыстары бар балалармен логопедтік-түзету жұмысын ұйымдастыруда негізгі құзіреттері бар.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық- педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 1-тақырып. Сөйлеу тілін дамыту саласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары: қоғамдық мектепке дейінгі тәрбиенің мемлекеттік сипаты, оның ҚР білім беру жүйесіндегі орны. 2000 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңдегі ҚР мектепке дейінгі білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын жаңарту. 1.001-2018 ҚР Мемлекеттік білім беру стандарттарын талдау - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытуды, Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 тіркелген) (бұдан әрі - Үлгілік оқу бағдарламасы), ҚР Үкіметінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» қаулысы (2019 ж.) және т. б. ;

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 2-тақырып. Баланың сөйлеу тілі дамуының алғы шарттары. Тілдік және психикалық нормалары мен патологиясының түсінігі: баланың психикалық және тілдік дамуының заңдылықтары туралы білімдер қажеттілігі. Тілдің қалыпты даму жағдайлары. Әлеуметтік фактор. Физиологиялық фактор. Психологиялық фактор. Тілдік қабілет туралы түсінік;

2) 3-тақырып. Тіл онтогенезінің кезеңдері. Балалар тілі дамуының кезеңділігі. Баланың сөз шыққанға дейінгі және ерте вербальды дамуы: балалар тілін дамыту кезеңділігіне қарасты түрлі тәсілдер. Балалар сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңдерінің сипаттамасы: дайындық, мектепалды дайындық, мектепке дейінгі, мектептік (А.Н. Леонтьев). Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері (Филичева Т.Б.). Баланың сөз шыққанға дейінгі және ерте вербальды дамуы. Рефлекторлық айқай мен рефлекторлық дыбыстардың алғашқы сатысы. Айқайдың сапалық өзгеруі, екінші сатыда гуілдеу мен күлудің пайда болуы. Үшінші саты, былдырдың пайда болуы, эхолалия және аутоэхолалия құбылыстары, кинестезияның дамуы, буынды жасау механизмінің қалыптасуы. Канондық вокализация сатысы, былдырдың дербес іс-әрекетке бөлінуі. Бесінші саты -

тілді дамытудың синзитивтік кезеңі. Сөз шыққанға дейінгі және ерте вербальды даму кезеңдерін бағалаудың диагностикалық шкаласы (Л.Т. Журба, Е.М. Мастюкова);

12. Мазмұндық модуль:

1) 4-тақырып. Онтогенездегі тілдің дыбыстық жағын меңгеру. Фонематикалық есту мен лексиканың ерте жаста дамуы: «сөйлеу тілінің дыбыстық жағы» түсінігі. Сөйлеу тілінің дыбыстық жағының негізгі бірліктері. Сөйлеу тілінің дыбыстық жағын меңгеру кезеңдері (В.И. Бельтюков, А.Д. Салахова). Сөйлеу тілі дыбыстарының шығу кезектілігі мен артикуляция мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын ұйымдастырумен байланысы. Ерте, орта және кеш онтогенез дыбыстары жөніндегі түсінік. Субституция құбылысы. Сөздің буындық құрамын меңгеру. «Фонематикалық есту» және «фонематикалық қабылдау» түсініктері. Артикуляция және есту- тілдің қалыптасу негізі ретінде. Тіл дамуының фонемаға дейінгі және фонемалық кезеңдері, фонемаға дейінгі кезеңнің ерекшеліктері. (Н.Х. Швачкин). Тілдің семантикасы, фонематикалық дамуды белгілейтін негізгі фактор ретінде.

2) 5-тақырып. Тілдің грамматикалық заңдылықтарын меңгеру. Байланыстырып сөйлеу тілі: сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын меңгеру заңдылықтары: баланың когнитивтік дамуының белгілі бір деңгейі болуы, балада тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйелерінің тығыз байланыста дамуы. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасу кезеңдері (А.Н. Гвоздев): аморфты түбір- сөздерден тұратын сөйлемдер кезеңі, сөйлемнің грамматикалық құрылымын меңгеру кезеңі, морфологиялық жүйені одан әрі меңгеру кезеңі;

3) 6-тақырып. Мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдары жағдайында логопедтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу: тілдік бұзылымдары бар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. Тіл бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларды логопедтік және педагогикалық зерттеу жүйелері. Балаларды тәрбиелеу: тіл бұзылыстары бар ерте жастағы, мектепке дейінгі жастағы;

4) 7-тақырып. Тіл бұзылыстарын жеңу бойынша түзету жұмыстарының тиімді әдістері: тіл бұзылыстары бар балаларға арналған балабақшадағы түзету-тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру және оның мазмұны (арнайы логопедтік сабақтарда және оқу жоспарының барлық пәндері бойынша сабақтарда). Тіл бұзылыстары бар балаларды мектепке дайындау. Тіл бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларды интеграциялау проблемалары;

5) 8-тақырып. Логопедтік практикада ойын технологиясын қолданудың заманауи тәсілдері: ойын - ересек адамның балаға тәрбиелік әсерінің формасы. Дидактикалық ойынның рөлі. Түзету жұмыстары процесінде ойын технологиясын қолдану. Психикалық процестерді дамытуға, фонематикалық есту және дыбыстық талдауға, буынның құрылымына, сөйлеу тілінің лексикалық -грамматикалық құрылымына, сауаттылыққа

үйретуге, сөйлеу тіліндегі дыбыстарды машықтандыру мен ажыратуға арналған ойындар;

6) 9-тақырып. Жеке сабақтарда ойын технологиялары арқылы балалардың сөйлеу тілін түзету: балалардың сөйлеу тілін түзетуге қажетті, ішінде дидактикалық ойындар бар ойын технологиялары, мектепке дейінгі жастағы балаларды түзете оқыту процесі барысында көп мақсатты қолдану үшін, олардың нұсқалылығы. Ойын іс-әрекетінің негізгі функциялары: коммуникативтік; ойын-терапиясы; диагностикалық; түзету және әлеуметтендіру қызметі;

7) 10-тақырып. Логопедпен бірлескен іс-әрекетке баланың ынталану дайындығын арттыру. Мектепке дейінгі жастағы балада түзету процесінің толыққанды қатысушысы ретіндегі белсенді ұстанымын қалыптастыру: эмоционалдық жайлылықты қамтамасыз ету: әр баламен тікелей байланыс жасау; оның сезімдері мен қажеттіліктеріне құрметпен қарау. Балалардың даралылығына және бастамасына қолдау көрсету: балалардың өз іс-әрекетін еркін таңдауына, қатысушылардың бірлескен іс-әрекетіне, материалдарына жағдай жасау; балалардың шешім қабылдауы мен олардың сезімдері мен ойларын білдіруі үшін жағдайлар жасау, балалар бастамасына және тәуелсіздігіне қолдау көрсету;

8) 11-тақырып. Әр баланың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, түзету процесін жекелендіру: логопедтің балалармен жеке сабақтарын бақылау. Жеке жұмыстың бағыттары. Логопедтік сабақтарға қатысу сараптамасы, түзету іс-шараларының тұрақтылығы. Жеке тілдік саладағы қарқынның және түзету әсерінің бейнесі. Түзету жұмыстары мерзімінің ұзақтығын және алынған нәтижелерін көрсете отырып, түзету әрекеттерінің нәтижелерін талдау: жақсару, өзгеріс жоқ, шамалы жақсару, нашарлау; жақсару көрінісін нақтылай отырып, логопедтік түзетудің барлық түрлері бойынша (белгілі тілдік режимді сақтау; нақты логопедтік тапсырмаларды, жаттығуларды бекіту; басқа мамандардың кеңестеріне жүгіну. Жеке дәптерлерді рәсімдеу. Жеке сабақтар конспектiлерiн құру және талдау.

13. Технологиялық модуль:

1) 12-тақырып. Ойын әдістерін қолдана отырып, топтық (жеке) түзету сабағының технологиялық картасын дайындауға қойылатын талаптар: логопедтік сабақтардың технологиялық картасының сызбасы мен құрылымы: жастық топ, логопедтік тұжырымдама, білім беру саласы, сабақ түрі, тақырып, мақсат, міндеттер, жоспарланған білім нәтижелері, қолданылатын технологиялар, заттық-кеңістіктік дамыту ортасы. Логопедтік сабақтардың ұйымдастырушылық құрылымы мен мазмұны: негізгі кезеңдері, ұзақтығы, әдістері, тәсілдері, жұмыс тәсілдері, ұйымдастыру формалары, логопед-мұғалімнің қызметі және білім алушылардың қызметі. Жеке сабақтарды жоспарлау және өткізу. Жеке жұмыстың негізгі бағыттары мен мазмұны. Жеке сабақтарды талдау.

2) 13-тақырып. Артикуляциялық, саусақтық және тыныс алу гимнастикасын, және де логопедиялық ырғақ жаттығуларды ұйымдастыру

және өткізу: логопедиялық ырғақ тілдік патологиясы бар балаларды кешенді оңалту жүйесінде логоырғақтық және музыкалық-ырғақтық тәрбие ретінде. Логопедиялық ырғақ міндеттері және мазмұны. Тілдік ауытқуы бар тұлғалардың жалпы қозғалыстарының статикалық және динамикалық үйлесімділігінің, ұсақ ерікті моторикасының, бет мимикасының, тілдік тыныс алуының даму ерекшеліктері, түрлі тілдік патологиясы бар тұлғаларға арналған логоырғақтық жаттығулар. Логоырғақ процесіндегі тілдік тыныс алудың қалыптасуы;

3) 14-тақырып. Логопедтің және денсаулық сақтау технологияларын енгізу мамандарының тіл бұзылыстары бар балалармен жұмыстарындағы өзара іс-әрекеттерінің ерекшеліктері: балабақшадағы логопедтік жұмыстың ұйымдастырылуымен практикалық танысу. Логопедтік топтарда жеке, шағын топтық және фронталдық сабақтарға қатысу. Логопедтің құжаттарымен және логопед кабинетінің жабдықтарымен танысу. Логопедтік топтардың тәрбиешісі қызметінің ерекшелігі. Тәрбиешінің балалармен жүргізетін сабақтарының түзетушілік бағыты. Логопед пен тәрбиешінің жұмысындағы өзара байаныс;

4) 15-тақырып. Жазғы кезеңде логопедтік-түзету іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастыру. Отбасымен бірлесе атқаратын жұмыс: отбасындағы тілдік режим. Логопед, психолог, тәрбиешінің практикасында отбасымен өзара әрекет жасау формаларын үйлестіру. Тіл бұзылысы бар баланың түзету тәрбиесінде бірлікті орнату. Ата-аналардың педагогикалық күзiреттiлiгiн арттыру. Ата-аналардың қажеттi педагогикалық бiлiм мен дағдыларды меңгерулерiне көмектесу. Ата-аналарға баланың отбасындағы өмiрiн дұрыс ұйымдастыруына, ерте, мектепке дейiнгi және мектеп жасындағы тiл бұзылыстары бар баланың ата-анасымен байланысына педагогтың көрсететiн көмегi.

14. Нұсқалық модуль.

1) 16-тақырып. Логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданудың заманауи тәсілдері: интерактивті тілдік карталарын, дефектология және логопедия саласындағы компьютерлік диагностикалық бағдарламаларын зерделеу және сынау. Тіл бұзылыстарын компьютерлік диагностикалау саласындағы перспективті әзірлемелер;

2) 17-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл бұзылыстарын түзету бойынша логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану: логопедтік жұмыста ақпараттық компьютерлік технологияларын қолдану. Тәрбиеленушілердің жаңа материалды оқуы үшін ынтасын арттыру. Танымдық әрекетін белсендету. Баланың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

15. Тыңдаушылар нұсқалық модульдің тақырыптарын кіріспе сауалнама барысында анықтай алады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

16. Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқыту режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша күндізгі оқу түрі. Күндізгі курстардың ұзақтығы - 72 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастырған кезде ОТЖ-да сағат саны екі есе азаяды, сабақтардың тақырыптары мен формасы өзгеріссіз қалады;

2) Аралас оқыту- Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес курстың тақырыптық оқу жоспары бойынша аралас оқу түрі, және де оқыту үш кезеңнен тұрады: күндізгі бөлім - 16 сағат, қашықтықтан оқыту - 8 сағат, өз бетінше оқу- 48 сағат. Күндізгі оқыту курстың бірінші және соңғы күнінде жүргізіледі.

17. Оқу процесіне оқытудың интерактивті формалары мен әдістері кіреді: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, топтық тренинг, мастер- класс, кейстер әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу, және де вебинар, онлайн-форум, онлайн кеңес беру және аралас оқыту режимінде курс тыңдаушыларының өз бетінше оқуы.

18. Педагогтардың Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін жоғарылату үшін мыналар қарастырылады: кейіннен талқылау және рефлексия арқылы топтық жұмысты кеңінен қолдану; құжаттармен жұмыс; топтық жұмысты кейіннен көрсете отырып, кіші топтарда теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

19. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) балалардың сөйлеу тілі дамуын бағалау процесін талдауға, жеке түзету сабақтарын бейімдеу және құрастыруға арналған үлестірме материалдар;
- 3) мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдары логопедінің құжаттар пакеті;
- 4) логопедтік-түзеу жұмысының бейімделген және жеке бағдарламаларының үлгілері;
- 5) сауалнамалар, бақылау және өзіндік жұмыс материалдары.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

20. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында дәріс берушілер курстың негізгі тақырыптары бойынша алдын ала тапсырмалар кешенін дайындайды. Тапсырмаларды тыңдаушылар күннің соңына дейін орындап, тексеріп бағалау үшін дәріс берушіге жіберіледі.

Сонымен қоса, сабақтар барысында жедел-сауалнамалар, аралас оқыту режимінде курс үшін аралық тестілеу, тыңдаушылардың дайындаған келесі бағыттар бойынша сөйлеу карталарының бөлімдеріне талдау жүргізіледі: дыбыс айтуы, грамматикалық құрылымы, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеуі; құрастырған технологиялық карталар; диагностикалық карталарды толтыру сапасы, циклограмма мониторингі және

міндетті түрде рефлексия жүргізіледі.

Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнамалар, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушылардың кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін, профессорлық-оқытушылар құрамы курстың ОӘК-не кіретін Бағдарлама мазмұнын меңгерудің бағалау өлшемдері мен параметрлерін дайындайды:

- тұлғалық-бағдарлау және жеке-дифференциалды ықпал негізіндегі нұсқалық білім беру-түзеу бағдарламаларын іске асыруға дайындығы ;

- сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың білімге қажеттілігін ескеріп жеке топтық (шағын топтық) сабақтарды жоспарлау біліктері;

- сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың таным белсенділігін, өзіндік жұмыс жасауын, инициативтілігін дамытуға ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді қолдану біліктері;

- логопедиялық тексеру бағдарламасын құру, бала дамуының көрсеткіштерін белгілеу, тексеру нәтижелерін интерпретациялау біліктері;

- сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың даму деңгейі мен динамикасын диагностикалау әдістерін меңгеру біліктері;

- сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың әр топтарының білімге ерекше қажеттіліктерінің, тілінің және психофизикалық дамуының ерекшеліктерін көрсету және заманауи әдістемелер мен технологияларын қолдану біліктері;

- түзете-дамыту процесінде дифференциалды ықпал етуді қамтамасыз ету біліктері;

- мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы білім беру процесінде заманауи білім беру технологиялары мен түзеу-дидактикалық құралдарды, ақпараттық-коммуникативті технологияларды әдістемелік жағынан негіздей отырып, іріктеп, қолдану біліктері.

9. Курстан кейінгі қолдау

22. Курстан кейінгі қолдау келесідей түрлерде іске асырылады: өзекті мәселелерді талқылау; арнайы және жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың, логопедтер мен тәрбиешілердің әдістемелік қолдаулары мәселесі жөніндегі пікір мен тәжірибе алмасу; байланыс қауымдастығы аясында жұмыс жүргізу; педагогтардың біліктіліктерінің деңгейіне сәйкес портфолио мазмұнына қойылатын талаптар жүйесін құру. Мұндай ақпараттық банктің болуы педагогтың интеллектуальді мүмкіндігінің жоғарылауына, инновациялық іс-әрекетті іске асыруына ықпал етеді.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

23. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. ҚР білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 1-қосымша.

2 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы).

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілік оқу жоспары.

4 ҚР «Білім туралы» Заңы» (өзгерістермен толықтырулармен 27.12.2019 № 294-VI.).

5 «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы саясат пен практикалық қызметтің қағидалары туралы» Саламан декларациясы 1995 ж.

6 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 сәуірде № 20551 болып тіркелген.

7 «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 сәуірде № 20400 болып тіркелді

8 Аяпова Т.Т. Сөйлеу онтогенезі. – Алматы: Паритет, 2003. – 280 б.

9 Аяпова Т.Т. Сөйлеу тілінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы/Сборник рефератов №1 НИР. – А., 2004.

13 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету. – А.: Мектеп, 1981.

14 Бақиянова Б. Мектепалды даярлық тобы баланың ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту//Наследие ученых Казахстана, глобализация современного образования. Международный опыт и перспективы развития. А., 2007.

15 Выготский Л.С. Мышление и речь //Выготский Л.С. Собр.соч.в 6 т.Т.II. – М.,1982. – С. 30-31, 118-121.

16 Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. М.: Детство-Пресс, 2007.- 472 с.

17 Гвоздев А.Н. Формирование у ребенка грамматического строя русского языка / А. Н. Гвоздев, чл.-кор. Акад. пед. наук РСФСР ; под ред. проф. С. И. Абакумова; Акад. пед. наук РСФСР. - Москва : Изд-во Акад. пед. наук РСФСР, 1949.

18 Грибова О.Е. Онтогенетический принцип в логопедии // Психолингвистика и современная логопедия / Под ред. Л.Б.Халиловой. - М.: Экономика, 1997.

19 Доброва Г.Р. Освоение детьми звуковой стороны речи. Учебно-методическое пособие для магистрантов. – Санкт-Петербург: Издательство РГПУ им. А.И. Герцена, 2018. – 28 с.

20 Елисеева М.Б. Речевой онтогенез: взгляд лингвиста // Логопед.-2005. - № 4.- С.11-18.

21 Жукова Н.С. Отклонения в развитии детской речи: Учеб. пособие для студентов дефектол. и дошк. факультетов пед. вузов - М.:УНПЦ Энергомаш,1994-128 с.

22 Лепская Н.И. Язык ребенка: онтогенез речевой коммуникации.М.: РГГУ, 2013.- 312 с.

23 Омірбекова К.К., Оразаева Г.С., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Логопедия. Оқулық. Алматы, 2011. - 648 б.

24 Ибатова Г.Б. Дыбыс айтуды түзетудегі дайындық кезеңіндегі логопедиялық жұмыс. Оу құралы. Алматы, 2014.- 96 б.

25 Ибатова Г.Б. Дыбыс айтуды түзетудегі машықтандыру кезеңіндегі логопедиялық жұмыс. Оқу құралы. Алматы, 2014. – 172б.

26 Ибатова Г.Б. Дыбыс айтуды түзетудегі ажырату кезеңіндегі логопедиялық жұмыс, оқу құралы, Алматы, 2014. - 92 б.

27 Ибатова Г.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. Оқу-әдістемелік құралы. Алматы, 2015.- 140 б.

28 Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Ерте мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік дамуын тексеру әдістері, әдістемелік ұсынымдар, ТП ҰҒПО, ҚР БЖҒМ бекіткен, Алматы, 2019.- 60 б.

29 Түлебиева Г.Н., Оразаева Г.С. Практикалық логопедия. Әдістемедік оқу құрал. Алматы, 2010.- 126 б.

24.Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

1 Исенина Е.И. Психологические основы речевого онтогенеза в начальном периоде: Автореф.дис. ...д-ра психол.наук.-М., 1986

2 Казаковская В.В. От продиалога к диалогу: коммуникативная компетенция ребенка раннего возраста //Речь ребенка: Проблемы и решения / Отв.ред. Т.Н.Ушакова.М.,2008

3 Кубрякова Е. С. Аналогия и формирование правил в детской речи // Детская речь: Лингвистический аспект: Межвуз. сб. науч. тр. - СПб., 1992.

4 Леонтьев А.А. Исследование детской речи//Слова в речевой деятельности. – М.: Наука, 1974. – 333 с.

5 МакАртуровский опросник: русская версия. Оценка речевого и коммуникативного развития детей раннего возраста. Нормы развития. Образцы анализа. Комментарии. – Иваново: ЛИСТОС, 2016. – 76 с.

7 Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. М.: Педагогика-Пресс, 1994.

8 Попова З.Д. Язык и национальная картина мира / З.Д.Попова, И.А.Стернин; изд. 4-е.- М.-Берлин: Директ-Медиа, 2015.-101 с.

9 Речь ребенка: ранние этапы. Труды постоянно действующего семинара по онтолингвистике. Выпуск первый //Отв.редактор Цейтлин С.Н. Издательство ЗАО «Балтика».- СПб, 2000.-215 с.

10 Розенгард-Пупко Г.И. Формирование речи у детей раннего возраста. – М.,1963

11 Сейсенова А.Д. «Актуальные вопросы онтогенеза речи казахоязычных детей»/Современная онтолингвистика: проблемы, методы, открытия. Материалы ежегодной международной научной конференции. 24–26 июня 2019 г. СПб., РГПУ им. А. И. Герцена. Иваново: ЛИСТОС, 2019. – С. 230-233.

12 Слобин Д. Языковое развитие ребенка. В кн.: Д.Слобин, Дж.Грин Психоллингвистика.-М.:, 1976, 350 с.

13 Современная онтолингвистика: проблемы, методы, открытия. Материалы ежегодной международной научной конференции. 24–26 июня 2019 г. СПб., РГПУ им. А.И. Герцена. Иваново: ЛИСТОС, 2019. – 640 с.

14 Ушакова Т. Н. Рождение слова. Проблемы психологии речи и психоллингвистики / Под редакцией: Журавлев А. Л. [Электронный ресурс] - М.: Институт психологии РАН, 2011. - 528 с.

15 Шахнарович А.М. Проблемы формирования языковой способности // Человеческий фактор в языке: Язык и порождение речи. М.: Наука, 1991. С. 185-220

16 Цейтлин, С. Н. Язык и ребенок: Лингвистика детской речи [Текст]: учеб. пособие для студентов вузов / С. Н. Цейтлин. - М. : ВЛАДОС, 2000. - 240 с.

17 Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Освоение ребенком родного языка: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / С.Н. Цейтлин. – М. : Издательство ВЛАДОС, 2017. – 240 с.

18 Цейтлин С.Н. Речь ребенка: стремление к идеалу//Проблемы онтолингвистики–2018: материалы ежегодной международной научной конференции (Санкт-Петербург, 20-23 марта 2018 года) /Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена, лаборатория детской речи, кафедра языкового и литературного образования ребенка, Межвузовский центр билингвального и поликультурного образования – Иваново, 2018 – С. 11-15.

20 Юрьева Н. М. Речевой онтогенез в теории и эксперименте : диссертация... д-ра филол. наук : 10.02.19 Москва, 2006.- 566 с.

25. Интернет көздері:

1) <http://www.ontolingva.ru/sotr.htm>.

2) <https://www.dissercat.com/content/rechevoi-ontogenez-v-teorii-i-eksperimente>.

3) <http://www.cdi-clex.org>

4) <http://wordbank.stanford.edu>

5) <http://idi-k-nam.ru/profile>

6) <http://www.liveinternet.ru/users/4701016/>

«Тіл бұзылыстары бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» білім беру бағдарламасына
1- қосымша

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Мастер-класс	ЖТ С	Дөңгелек үстел	Жобаны қорғау	Тест тапсырмалары	Барлығы
	Нормативтік-құқықтық модуль	6							1	7
1.1	Сөйлеу тілін дамыту саласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары	6							1	7
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	4							1	5
2.1	Баланың сөйлеу тілі дамуының алғы шарттары. Тілдік және психикалық нормалары мен патологиясының түсінігі	2								2
2.2	Тіл онтогенезінің кезеңдері. Балалар тілі дамуының кезеңділігі. Баланың сөз шыққанға дейінгі және ерте вербальды дамуы	2							1	3
3	Мазмұндық модуль	24	9		4				1	38
3.1	Онтогенездегі тілдің дыбыстық жағын меңгеру. Фонематикалық есту мен лексиканың ерте жаста дамуы.	2								2
3.2	Тілдің грамматикалық заңдылықтарын меңгеру. Байланыстырып сөйлеу тілі	2								2
3.3	Мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдары жағдайында логопедтік жұмысты	4			2					6

	ұйымдастыру және жүргізу								
3.4	Тіл бұзылыстарын жеңу бойынша түзету жұмыстарының тиімді әдістері	2	2						4
3.5	Логопедтік практикада ойын технологиясын қолданудың заманауи тәсілдері	2							2
3.6	Жеке сабақтарда ойын технологиялары арқылы балалардың сөйлеу тілін түзету	4	7						11
3.7	Логопедпен бірлескен іс-әрекетке баланың ынталану дайындығын арттыру. Мектепке дейінгі жастағы балада түзету процесінің толыққанды қатысушысы ретіндегі белсенді ұстанымын қалыптастыру	4							4
3.8	Әр баланың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, түзету процесін жекелендіру	4		2				1	7
4	Технологиялық модуль	6	5	6				1	18
4.1	Ойын әдістерін қолдана отырып, топтық (жеке) түзету сабағының технологиялық картасын дайындауға қойылатын талаптар	2	2	2					6
4.2	Артикуляциялық, саусақтық және тыныс алу гимнастикасын, және де логоырғақтық жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу	2	2	2					6
4.3	Логопедтің және денсаулық сақтау технологияларын енгізу мамандарының тіл бұзылыстары бар балалармен жұмыстарындағы өзара іс-әрекеттерінің ерекшеліктері	2	1	2					5
4.4	Жазғы кезеңде логопедтік-							1	1

	түзету іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастыру									
5	Нұсқалық модуль	2		2					4	
5.1	Логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданудың заманауи тәсілдері	2							2	
5.2	Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл бұзылыстарын түзету бойынша логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану			2					2	
Барлығы:		42	14	8	4				4	72

Ескертпе-1: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Ескертпе-2: Курстан кейінгі кезеңдегі тындаушыларға арналған өзіндік жұмыстардың тақырыптары:

Тақырып 1. Балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандырудың бала дамуына тигізетін әсері (өз тәжірибеңізден баланың сөйлеу белсенділігін ынталандыру түрлері. атаңыз).

Тақырып 2. Сөйлеу тілі дамымаған балалардың лексика-семантикалық бұзылыстарын айқындап түзеу.

Тақырып 3. Бала тілінің сөзжасамдық инновациялары (тәжірибеден алынған материалдар 20 мысал көлемінде, бір бала мысалында болса жақсы).

«Тіл бұзылыстары бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» білім беру бағдарламасына 2- қосымша

Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

	Сабақтар тақырыбы	Күндізгі оқу 16 сағ.				Қашықтан оқу 8 сағ.			Өздігінше оқу 48 сағ.	Барлығы
		Дәріс	Практик алық сабақ	Трен инг	Жобала рды қорғау	Веби нар	Онлайн форум	нлайн – кеңес	Тыңдаушы ның өздігінше оқуы	
1.	Нормативтік- құқықтық модуль	2						2	4	
1.1	Сөйлеу тілін дамыту саласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары	2						2	4	
2	Психологиялық- педагогикалық модуль	2				1		5	8	
2.1	Баланың сөйлеу тілі дамуының алғы шарттары. Тілдік және психикалық нормалары мен патологиясының түсінігі	2				1		3	6	
2.2	Тіл онтогенезінің кезеңдері. Балалар тілі дамуының кезеңділігі. Баланың сөз шыққанға дейінгі және ерте вербальды дамуы							2	2	
3	Мазмұндық модуль	8				2		24	34	
3.1	Онтогенездегі тілдің дыбыстық жағын меңгеру. Фонематикалық есту мен лексиканың ерте жаста дамуы.					1		2	3	
3.2	Тілдің грамматикалық							2	2	

	заңдылықтарын меңгеру. Байланыстырып сөйлеу тілі								
3.3	Мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдары жағдайында логопедтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу	2						2	4
3.4	Тіл бұзылыстарын жеңу бойынша түзету жұмыстарының тиімді әдістері	2						4	6
3.5	Логопедтік практикада ойын технологиясын қолданудың заманауи тәсілдері	2						2	4
3.6	Жеке сабақтарда ойын технологиялары арқылы балалардың сөйлеу тілін түзету	2			1			4	7
3.7	Логопедпен бірлескен іс-әрекетке баланың ынталану дайындығын арттыру. Мектепке дейінгі жастағы балада түзету процесінің толыққанды қатысушысы ретіндегі белсенді ұстанымын қалыптастыру							4	4
3.8	Әр баланың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, түзету процесін жекелендіру							4	4
4	Технологиялық модуль	4			3			14	21
4.1	Ойын әдістерін қолдана отырып, топтық (жеке) түзету сабағының технологиялық картасын дайындауға қойылатын талаптар	2			1			6	9
4.2	Артикуляциялық, саусақтық және тыныс				1			4	5

	алу гимнастикасын, және де логоырғақтық жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу								
4.3	Логопедтің және денсаулық сақтау технологияларын енгізу мамандарының тіл бұзылыстары бар балалармен жұмыстарындағы өзара іс-әрекеттерінің ерекшеліктері	2			1			2	5
4.4	Жазғы кезеңде логопедтік-түзету іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастыру							2	2
5	Нұсқалық модуль						2	3	5
5.1	Логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданудың заманауи тәсілдері							1	1
5.2	Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл бұзылыстарын түзету бойынша логопедтік жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану								
	Нұсқалық модуль бойынша онлайн кеңес						2		2
	Барлығы:	16			6		2	48	72

Ескертпе-1: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Ескертпе-2: Курстан кейінгі кезеңдегі тындаушыларға арналған өзіндік жұмыстардың тақырыптары:

Тақырып 1. Балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандырудың бала дамуына тигізетін әсері (өз тәжірибеңізден баланың сөйлеу белсенділігін ынталандыру түрлері. атаңыз).

Тақырып 2. Сөйлеу тілі дамымаған балалардың лексика-семантикалық бұзылыстарын айқындап түзеу.

Тақырып 3. Бала тілінің сөзжасамдық инновациялары (тәжірибеден алынған материалдар 20 мысал көлемінде, бір бала мысалында болса жақсы).